

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті «Мемлекеттік қызмет мектебі» ғылыми үйірме аясында 2023 жылдың 17 ақпанында 6B04102-Саладағы менеджмент және 6B04103 – Экономика және мемлекеттік басқару мамандығының 3 курс студенттеріне ашық есік күнін ұйымдастырды.

Кездесу барысында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлан Мейрамханұлы мемлекеттік қызметкерге жоғары жауапкершілік жүктелгенін, мемлекеттік қызметке үміткер халық алдында өз жауапкершілігін сезіне отырып мемлекеттік қызметтің имиджін көтеру тиістігін айтып өтсе, ішкі ереже мен тәртібімен таныстырды, департаменттің әр бөлімі немен айналасатынын және қандай қызметтерге жауап беретінін сонымен қоса тестілеу залының ашылғандығы туралы баяндап берді. Ерлан Мейрамханұлы студенттерге бітіруші түлек ешқандай конкурсыз өтетін келесі талаптарын айтты, алдымен грант пен оқыған студент не болмаса GPA баллы жоғары болса ғана оқу орнын бітіргеннен бастап 1 жыл ішінде тағайындалады және болашақта департамент жанынан жастарды дайындау мақсатында кадровый резерв ашылып іске асатындығы туралы айтты.

Кездесу соңында студенттер тарапынан көкейтесті сұрақтарына жауап алып, пайдалы кеңестер тыңдады.





